

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы» КММ "Тайынша көп бейінді ауданараптық ауруханасы" ШЖҚ КМК сыйбайлал жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша жария тындаудың хаттамасы**

**Тайынша қ, күні: 26.06.2023 ж., уақыты: 15:00**

2023 жылғы 15 маусымда "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" КММ "Тайынша көп бейінді ауданараптық ауруханасы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі-Тайынша КАА) басшысының міндетін атқарушы Мадярұлы Мақсат Құдратуллаевтың төрағалығымен әкімшілік қызметкерлерінің, дәрігер-мамандардың, медицина қызметкерлерінің және "ескерту және сыйбайлал жемқорлыққа қарсы іс-қимыл", сондай-ақ қоғам өкілдері, Тайынша КАА сыйбайлал жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсыныстарды талқылау мақсатында отырыс өткізілді.

Сыйбайлал жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында осы отырыста сыйбайлал жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың 3 (үш) бағыты жарияланды, атап айтқанда:

- 1) Тайынша КАА-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлал жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Тайынша КАА-да ұйымдық-басқару қызметінде сыйбайлал жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) Байқау кенесінің жұмысында сыйбайлал жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Сыйбайлал жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін жетілдіру және сыйбайлал жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде ұсыныстар мен кері байланыс алу енгізілді.

Бұдан басқа, жария тындаулардың қорытындысы бойынша анықтамада көрсетілген ішкі талдау нәтижелері бойынша бірқатар мәселелер мен пікір алмасулар жүргізілді, сыйбайлал жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту ұсынылды.